

«№76 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ –нің № 2 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Қатысқандар: 51 педагог қызметкер

Кеңес төрағасы: Бегжанов О.И

Хатшы: Ильясова Б.Т

Өткізген күні: 01.08.2024 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1 «№ 76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бегжанов О.И -мектеп директоры , комиссия төрағасы

1. «76 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 30 сәуірде кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып , қорытынды анықтамамен таныстырды.

Педагогикалық ұжым алдына қойған міндеттердің бірі мектеп қызметіне өзін -өзі бағалауды жүргізу еді. 2024 жылдың 02 мамыр – 01 тамыз аралығында комиссия мүшелері мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізді. Ағымдағы жылдың 02 мамыр – 01 тамыз аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және жүргізу үшін «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы , «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығы , «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы »№348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу- тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс –әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізілді. Ұжым алдында өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Аблаева А.Б- комиссия мүшесі ,директордың оқуісі жөніндегі орынбасары :

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1.2 параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектепалды дайындық кластарындағы ,1-11 сыныптардағы жұмыстар зерделеніп, өзін-өзі бағалау жүргізілді.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;
2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды дайындық кластарындағы Тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
4. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-13 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдаы , біліктілік санаттары , мектептің материалдық базасы; Аталған бұйрықтың 1,2 праграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес мектептегі тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары. Және оның Сабақ кестелерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын талаптарына сәйкестігі зерделенді.

Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4,9 сынып білім алушыларынан тест алынғаны, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жалпы талаптарына сәйкестігі болғандығын айтты.

Жетруова Г.К комиссия мүшесі , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Білім алушылардың рухани-адамгершілік ,азаматтық –патриоттық , көркемдік – эстетикалық , еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптардың сәйкес келетінін айтты.

Жұбанязова Г.М- комиссия мүшесі ,директордың әдістемелік жөніндегі орынбасары :

Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-13 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдаы , біліктілік санаттары , мектептің материалдық базасы; Аталған бұйрықтың 1,2 праграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес мектептегі тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары және оның сабақ кестелерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын талаптарына сәйкестігі зерделенді. Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің , біліктілік санатының деңгейі бес жылда бір реттен сиретпей арттырғаны/ растаған педагогтер үлесінің пайызымыдарының жеткілікті деңгейде болғандығын айтты

Тулегенова Г.Б-комиссия мүшесі, информатика пәнінің мұғалімі:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2 қосымша 2 тарау 25 тармағы , 3- қосымша 4 тарау 56 тармағы, 4- қосымша 4 тарау 50 тармағы бойынша «Kundelik.kz» «Bilimclass.kz» электронды журналдары арқылы күнтізбелік –тақырыптары жоспарлары және бөлім бойынша жиынтық бағалау ,тоқсандық жиынтық бағалаудың талаптарының сақталуы зерделенді.Білім беру процесін материалдық – техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтердің болуы ,әдістемелік ұсынымның 7-12- қосымшалары толтырылды.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес «жақсы» деп бағалансын;
2. Бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдаламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, білім беру қызметінің нәтижелерін бағалау

үшін білім беру қызметтеріне көрсету сапасының деңгейіне сәйкес «үлгілі» деп бағалансын;

3. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасы бойынша есеп мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамына таныстырылсын;

4. Өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасы мен ілеспе хаты Ақтөбе облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын;

4. Мектеп қызметіне зерделеу жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасы мектептің интернет ресурсына орналастырылсын;

Кеңес төрағасы
Хатшы



Бегжанов О.И
Альясова Б.Т